

**Теміртау қаласы әкімінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 5 "Теміртау қаласында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімінің 2017 жылғы 2 ақпандағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 ақпанда № 4149 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 2 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімінің 29.11.2018 № 2 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Теміртау қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Теміртау қаласы әкімінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 5 "Теміртау қаласында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3490 болып тіркелген, 2015 жылдың 23 қарашасында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылдың 2 желтоқсанында № 48 "Темиртауский рабочий" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 23-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33, 37-баптарын басшылыққа ала отырып, Теміртау қаласының әкімі **ШЕШТІ:**".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Теміртау қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

